

Ерекше білім беруді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушыны мемлекеттік аттестаттау емтиханынан босату туралы талдау.

2024–2025 оқу жылының басталуына орай мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі жылдық жоспарына сәйкес, тамыз айында денсаулық жағдайына байланысты ерекше білім қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылардың білім алуының ұйымдастырылуы мен жағдайына кешенді мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері жоспарлы түрде жинақталып, құжаттық негіздері тексерілді.

Түркістан облысының білім басқармасының «№5 Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» КММ-нің 27.08.2024 ж. №150/4 қорытындысы негізінде 9 «Б» сынып оқушысы Абдурахманов Махмад Ханбабаұлына жеңіл түрдегі зерде бұзылыстары бар балаларға арналған негізгі орта білім беру бағдарламасы бойынша үйде жеке оқыту қажеттілігі анықталды.

Ата-анасының өтініші және ПМПК қорытындысы негізінде мектеп директорының 02.09.2024 ж. №121 бұйрығымен оқушыға үйде оқыту форматы бекітіліп, апталық оқу жүктемесі 10 сағат көлемінде белгіленді. Үйде оқыту үшін төмендегі пән мұғалімдері бекітілді:

Бекітілген оқу пәндері мен педагогтер тізімі:

№	Пәндер	Пән мұғалімдері	Сағат саны
1	Қазақ тілі	Елюбаева А	2
2	Математика	Мирхакимова Д	2
3	Орыс тілі	Жақыбалиева А	1
4	Тузету сабағы	Махалова Г	2
5	Тіл дамыту	Адилова М	1
6	Қазақстан тарихы	Камбарова М	0,5
7	Әлеуметтік тұрмыстық бақылау	Камбарова М	0,5
8	География	Юсупов Р	0,5
9	Жаратылыстану	Юсупов Р	0,5
	Барлығы		10

Барлығы: 10 сағат.

Оқу үдерісін бақылау нәтижелері:

Үйде оқыту сабақтары бекітілген жеке оқу кестесіне сәйкес толық көлемде өткізілді.

– Сабақтардың тоқтатылуы немесе себепсіз өзгертілуі тіркелмеді.

– Жеке күнделік пен сабақтарды есепке алу журналы уақтылы толтырылып отырды.

– Әр сабақ ата-ананың қолымен расталып, оқу сапасын бақылау қамтамасыз етілді.

– Ата-аналар тарапынан ескертулер немесе шағымдар түскен жоқ.

Мектеп психологы М. Адилова даму мүмкіндігі шектеулі оқушыға жүйелі түрде психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсетіп отырды. Психолог және сынып жетекшісі тарапынан оқушының эмоционалды жай-күйін, оқу мотивациясын, әлеуметтік бейімделуін бақылау тұрақты жүргізілді.

Аттестаттау емтиханынан босату негіздері:

Төлеби аудандық білім бөлімінің 27.05.2025 ж. №240 бұйрығы және «Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектебінің 28.05.2025 ж. №8 бұйрығы негізінде 9 «Б» сынып оқушысы Абдурахманов Махмад Ханбабаұлы 2024–2025 оқу жылында мемлекеттік аттестаттау емтихандарынан босатылды.

Қорытынды:

Ерекше білім қажет ететін оқушыға арналған оқу-тәрбие үдерісі бекітілген үлгілік оқу жоспарына, ПМПК ұсыныстарына және санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сәйкес ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері, сынып жетекшісі және мектеп психологы тарапынан қажетті педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілді. Аттестаттаудан босату рәсімі заңнамаға толық сәйкес жүргізілді.

Орындаған:  ДОЖЖО Ш. Нурова